

Н. Т. Саханова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы қылмыстық процесс кафедрасының аға оқытушысы;
Н. Б. Майлыбаева, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы қылмыстық процесс кафедрасының оқытушысы

МЕДИАЦИЯ

Қазақстан Республикасының Конституциясы халықаралық-құқықтық актілердің артықшылығын мойындай отырып, адамның ең жоғары құндылығы оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітті. Тұрақты тіршілік ету мен үдемелі дамудың, қазақстандық азаматтардың лайықты жағдайы мен өмірлік деңгейін қалыптастырудың конституциялық шарттары құқық бұзушылықты ескерту мен оның жолын кесу, қылмыстылықпен күрес жүргізу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, одан әрі күш мыналарға: мемлекеттілікті нығайтуға, заманауи демократиялық және құқықтық мемлекет ретіндегі Қазақстанды дамытуға; азаматтық қоғамды жүйелі дамытуға; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге; олардың қандай түрде болғанына қарамастан сыбайлас жемқорлықпен, терроризммен, есірткі саудасымен, экстремизммен жалпы күрес жүргізуге бағытталуы тиіс¹.

Мемлекеттегі қоғамды демократияландырумен бірге аяқ басып келе жатқан экономиканың, нарықтық қатынастардың дамуы қалай дегенмен мемлекеттегі заңдылықтың жағдайына, қылмыстылыққа әсер етпей қоймайды. Сонымен бірге, бұл жерде қолданылып отырған шаралардың қатаңдығы қашанда қылмыстылықтың өсу қозғалысы мен ағымы тиісті әсерін бере қоймайды. Сондықтан, қылмыстылықтың деңгейін төмендету мен тұрақтандыру мәселесін қылмыстық ізге түсудің баламалы шараларын пайдалану жолымен шешу жолындағы шешімдер барған сайын маңызға ие болып келеді.

Дауларды баламалы қылмыстық ізге түсу шараларымен сотқа дейінгі реттеуді шетелдік және отандық құқықтанушылар құқық қорғау қызметіндегі ең әсерлі бағыты ретінде мойындайды. Мұндай көзқарастың мәні құқық бұзушылық құрбаны мен құқық бұзушының арасындағы дау-дамайды мәжбүрлеу тұрғысынан емес, тараптардың мүдделері тұрғысынан шешумен көрінеді. «Қалпына келтіруші сот төрелігі» деп аталатын үлгі мақсаты кінәлі адамды жазаға тарту емес, бұзылған құқықтарын қалпы-

на келтіру болып табылатын жазалаушы сот төрелігіне қарама-қарсы балама ретінде ресми түрде мәлімделеді.

Қалпына келтіруші әділеттің маңызы сот ісін жүргізу шеңберінен де асып түседі. Қалпына келтіру әділетінің бағдарламалары жанжалды және қылмысты жағдайдан шығудың адамгершілікті жолын табуға деген ұмтылысынан туындаған және ресми істерге балама ұсынады².

Қалпына келтіруші әділеттің теориялық зерттеулеріне, сондай-ақ оның ғылыми жолмен жүзеге асуымен бәрінен бұрын криминологтар, процессуалистер, психологтар мен әлеуметтанушылар айналысады, яғни түрлі салалардың өкілдері болса зерттеулердің кешенді сипаттарын, оның жоғары әсерлігін көрсететін көпқырлылығын ғана мақұлдайды. Бұл орайда Л. В. Головкин, И. П. Петрухин, Р. Максудов, М. Г. Флямер, Л. М. Карнозова сияқты ғалымдардың еңбектері көбірек қызығушылық тудырады.

Даниел У. Ван Несс атап өткеніндей, «Бастапқыда қалпына келтіруші әділет теориясы екі тараптың сот ісімен салыстырғанда делдалдық шарасына қанағаттанғандығын бағалауға негізделген құқық бұзушылық құрбаны мен құқық бұзушыны арасындағы татуластыру/делдалдық тәжірибесімен дүниеге келіп, қалыптасты»³.

Процессуалистердің қалпына келтіруші әділетпен үздіксіз байланысы медиацияны еске түсіреді.

Қылмыстық ізге түсудің баламалы жолдарын іздестіру мемлекетіміздің 1998 жылғы 1 қаңтардағы жаңа Қылмыстық кодексімен емес, сонау жалпы Қылмыстық кодекс қолданысқа ауыр емес қылмыс жасаған немесе адамның қайтыс болуымен немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауыр қылмысты, бірінші рет кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша тараптардың татуласу институты енгізілгеннен бері келеді. Және бұл жеке айыптау істері бойынша ғана емес, сонымен бірге қылмыстық ізге түсу органдарының сотқа дейінгі іс жүргізуде жүзеге асырылатын жеке-жария айыптауда да мүмкін.

Атап өту керек, қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (67-бап) және Қылмыстық іс жүргізу кодексі (38-бабы) тараптардың татуласу мүмкіндіктерін қарастырады және оның құқықтық салдарын анықтап, бірақ татуласуға қол жеткізудің процессуалдық тәртібін ашып бермейді. Шын мәнінде бұл рәсім заң шығарушымен жанжалға қатысушылардың жеке ісі деп танылады.

Көптеген іс-тәжірибе жағдайында полиция Қазақстан Республикасы ҚК 67-бабын жүзеге асырудың құқықтық механизмдеріне ие болмағандықтан қылмыстық ізге түсуді жалғастыра түсіп, істі сотқа тапсырып та жатады. Дегенмен, татуласуға, яғни кінәліні қылмыстық жауаптылықтан босатуға тергеу жүргізудің бастапқы кезеңдерінің өзінде-ақ қол жеткізуге болады. Мұның бәрі жекелеген кейбір жағдайларда құқық қорғау органдары істің белгілі бір нәтижесіне қызығушылық мүдде танытады. Полиция қызметкерлері тарапынан, сол сияқты айыпталушылар тарапынан (жәбірленушінің келісімі болмаған жағдайда айыпталушылар татуласуға қорқыту арқылы мәжбүр етуі мүмкін) теріс пайдаланушылықты болдырмас үшін қалпына келтіруші әділет — медиация элементтерін енгізе отырып татуласу институтын дамыта түсу керек⁴.

Қылмыстық сот ісін жүргізудегі медиация деген не? Егер жалпы алғанда айтатын болсақ, онда қылмыстық іс қозғау сатысында тергеуші айыпталушыға жанжалды «бейбіт» жолмен шешуге құқылы екендігін түсіндіруге тиісті. Сонымен бірге айыпталушының жәбірленушімен татуласуына қатысты міндетті орындау мемлекеттік органдарға тәуелді емес тараптардың арасында делдал ретінде іске араласатын медиаторға, яғни татуластырушы делдалға тапсырылады. Жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру кезінде медиатор жанжалға қатысушылардың қатысуында іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру өкілеттілігі берілген лауазымды адам татуласуға қол жеткізілгендігі немесе қол жеткізілмегендігі туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 38-бабына сәйкес, сот? прокурор, сондай-ақ прокурордың келісімімен тергеуші немесе анықтау органы тиісті жағдаяттар болған кезде жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен ымыраласуына байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, қылмыстық істі қысқартуға құқылы. Егер татуласу жүзеге аспай қалатын болса іс бойынша іс жүргізу әдеттегі тәртіппен одан әрі жалғастырылады. Медиацияның мұндай құқықтық механизмін басты сот талқылауымен қоса қылмыстық іс жүргізудің барлық сатысында таратып, қолдануға болады.

Бүгінгі таңда медиация кеңінен таралып және танымдылыққа ие болып отыр. Дау-дамайларды шешудің мұндай баламасын игерудің келешегі қазақстандық тәжірибелі заңгерлермен де танылып отыр⁵. Оның тиімділігі мен әсерлілігі медиация институтының пайда болу тарихымен айғақталады.

Медиация нормативтік құқықтық актілердің іс жүзіндегі пайда болуынан кейін жасырын бекітулерге ие болып отыр. Л. В. Головкиннің жүргізген медиацияның француздық және бельгиялық үлгілерін салыстырмалы зерттеуі де сол сияқты оның тегіндегі қолданбалы тұрғысын алғашқылар екендігін айғақтайды. Медиация тәжірибесін дамытудың іс жүргізулік алғышарттары болса қылмыстық ізге түсуді қозғаудың «орындылық қағидасына» және сол сияқты тиісінше қылмыстық ізге түсуден бас тарту

институтын кеңінен қолданудың (classiment sans suite) үстіртін негіздемелер бойына емес, керісінше оның орынды емес себептері бойынша туындауына себеп болды.

Бұл рәсімнің мәні — делдалдың белгілі бір әдісті, кәсіби тәжірибені, әлеуметтік білімді, психологиялық тәсілдерді пайдалана отырып, тараптардың келіссөз жүргізулерін көмектеседі және олардың арасындығы келісімдердің жүзеге асуы жағдай жасайтындығында. Мұндай келісімдер медиацияда ұтылатын тараптардың болмауына қарай, келісім екі жақтың әрқайсының шынайы мүдделерін көрсететін және ескертін болғандықтан өзара қабылданатын және екі жаққа бірдей болуы керек.

Сот жүйесінің механизмдерімен тығыз байланысқан медиацияның әсерлілігі сот төрелігін жүзеге асырудың сапасын жақсартта түседі.

Медиация дау-дамайларды әсерлі реттелуіне ғана емес, сонымен бірге сот жүйесін реформалаудың әсерлі механизмі болуға жағдай туғызады. Сөйтіп, медиация соттардың қарайтын істерінің санын азайтудың ұтымды әдісі болып табылады. Соттардың жұмысын азайту соттардағы қаралатын істердің процессуалдық мерзімдері мен қарау сапасына да игі әсер еттеді және мемлекеттік аппараттың бөлігі бөліп табылатын сот жүйесін ұстап отыру үшін жұмсалатын мемлекеттің қосымша қаржылық шығындарын болдырмауға мүмкіндік береді. Онымен қоймай, медиация зейнеткерлік демалысқа шығып кеткен судьялардың кәсіби білімін, біліктілігін және тәжірибесін пайдаланудың саласы болып табылады.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2005. 19 ақпан.

² Пен С. Г. Медиация в уголовном судопроизводстве: Дис.... канд. юрид. наук. — Караганда, 2006.

³ Бұл да сонда.

⁴ Сулейменов М. Медиация в Казахстане: современное состояние и перспективы развития // Юрист Казахстан — 2009,— № 12.

⁵ Бұл да сонда.

Резюме

В данной статье излагаются теоретические основы и практические аспекты медиации. Авторы рассматривают, где применяется медиация и как она работает. Рассказывают о том, почему медиативная компетентность фактически определяет новое качество жизни человека, семьи и общества в целом.

Resume

In this article theoretical bases and practical aspects of mediation are stated. Authors consider the main aspects of where the mediation is applied and as it works. Tell about why meditative competence actually defines new quality of human life, families and can be, societies as a whole.